

Э. Г. Шуматов, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы,,
философия ғылымдарының кандидаты, полиция аға лейтенанты;

Х. Монай, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы,,
гуманитарлық ғылымдарының магистрі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Жоғары посткеңестік кеңістікте қалыптасқан жас суверинеттік мемлекет үшін, өзіндік жолмен «нарық пен демократияға» өту тәсілдері мен жолдарын анықтайтын тапсырмалар бүгінде өзекті сұраққа айналды. Бұның маңыздылығы жүргізіліп отырған саясатта көрініп тұр десек те болады, мысалы Қазақстан және Ресей елдерінің жүргізіп отырған сындарлы саясатында байқалады. Заманауи дамыған кеңістік сипатымен байланысты ерекше жоспарлар қалыптасқан. Оның бар болуы осы кеңістікпен ғана байланысты емес, оның бірнеше мүшелерімен де байланысты. Олар сипаты жағынан халықаралық өмірде дамыған елдердің қатарына кіруге талпыныс жасауда десек те болады.

Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстандық жол: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында Қазақстан Республикасын дамыған 30 елдің қатарына кіргізу жоспарын алға қойды¹. Бұл жоспарда алға қойылған мақсаттарға жету үшін кезекті басты міндеттер көрсетілді. Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстанда адам потенциалын дамыту мен қалыптастыруда, оны ашуда бірнеше міндеттер қойды.

Еліміздің бәсекеге қабілетті дамыған елдермен тереземіз тең болуы білімді қызметкерлерге байланысты болып табылады. Бұл жағдайда отандық ғылымның дамуы, адами капиталдың дамуы мен қалыптасуы, білім және денсаулық сақтау және т. б. жүйелердің дамуы ерекше маңызды орын алады бұл дегеніміз адами капитал — инновациялық дамудың негізі болып табылатынын көрседі.

Білім беру — адами капиталды және потенциалды дамыту мен қалыптастыру саласында маңызды екені анық. Сондықтанда мемлекет басшысы адами капитал мен потенциалының дамуында және қалыптасуында маңызды мән берді. Білім беру саласы — қоғамның ерекше моделі. Білім беру саласындағы барлық мамандықтар қоғамдық еңбектің шынайы қызметінің түрін көрсетеді. Қоғамның дамуы білім саласының дамуынсыз мүмкін емес, өйткені адамның субъективті болып қалыптасуы білім беру процесі арқылы жүзеге асатыны белгілі.

Ескере кететін бір жәйт, жаңа педагогикалық ойлау негізі ретінде педагогикалық процесстің барлық кешендерінде адам қалыптастыратын функция білім беруді гуманизациялау болып табылады. ХХІ ғасырда білім беру доктринасы үшін адам өмірінің әмбебап жолы өзін-өзі жетілдіру арқылы ғана болуы мүмкін.

Біртіндеп адамның жан-жақты дамуында жеке тұлғаның қалыптасуында белсенді білім беру принципін көшу керек. Сол арқылы жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Адами капитал (потенциал) — бұл сарқылмайтын байлық және Қазақстанның стратегиялық мақсатының орындалу жемісі — бәсекеге қабілетті дамыған отыз елдің қатарына кіру болып табылады.

Егер де адами капиталдың дәрежесі төмен болса жоғарғы технологиялық жетістіктерді қолдансада нәтижелі болатынына кепілдік жоқ.

Мемлекеттің экономикалық даму дәрежесі және оның бәсекеге қабілетті болуы ең бірінші сол елдің адамдарының адами капиталының сапасына байланысты. Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында стратегиялық жоспардың алдағы он жылын анықтай отырып, «болашақ үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды жоғарлату керек» деп атап өттіⁱⁱ.

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Әлемдік экономика әліде жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Қалпына келу өте баяу және сенімсіз қадамдармен жүруде, ал кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда. Геосаяси дағдарыс пен жетекші державалардың санкциялық саясаты әлемдік экономиканы қалпына келтіруде қосымша кедергілер туындатуда. Мен өзімнің

тәжірибемнен алдын ала сезіп отырғанымдай, таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шептен тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады. Қазақстан, әлемдік экономиканың бір бөлшегі және геосаяси қысымның эпицентріне тікелей жақын орналасқан ел ретінде, барлық осы үдерістердің теріс ықпалына тап келеді. Нәтижесінде не болып жатқанын біз көріп отырмыз: әлемдік нарықтарда баға құлдырауда және тұтастай алғанда, экономикалық өсім баяулаудаⁱⁱⁱ. Осылайша Н. Ә. Назарбаев атап өтті, бұл қоғам әлеуметтік кеңістік типтегі жағдайларда да жұмыс істеді және істеуде, соңында тек қоғамның бір ғана бөлігі әртүрлі себептермен бірінші кезекте экономикалық фактордың әсерінен «субъектінің» рөлін ойнап отыр. Ал бұл оның басқа бөлігін өзінің мақсаттарына жетуде әлеуметтік мүдде мен мақсаттарда «объектіні» немесе құралдарды пайдаланады.

Бүгінгі таңда әлемдік қоғам шынайылығында дилемма алдында тұр: осы бағытта дамуы және бағыт бойынша жалғастыра беруі, алайда осылар белгілі бір әлеуметтік мәдени ережелермен және ұйымдастыру бағдарламасымен және қызметімен анықталады. Бірақ барлығы үстемдік арнасы субъекті — объективті парадигмалармен жұмыс істейді немесе басқа да жоғары сапаға өтуге талпыныс жасайды, субъект — субъективті парадигма дәрежесіне, ол өзінің шынайы табиғатында балама болып табылады^{iv}.

Бүкіл қоғам тарихы көрсетеді, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынасы «үстемдік-бағыныштылық» — қарым-қатынаста жұмыс жасауын және әлі де солай жалғасуда екенін. Бұл жағдайда басқа да әлеуметтік түрлер қызметі бір мақсатта жұмыс істеуге арналған, осы қарым-қатынас түрін сақтап қалуға ғана. Алайда осы жағдайда әлеуметтік ұйымдастыру субъект — объективті парадигма принципі көрінеді. Осыған байланысты, қоғамның басым көпшілігі объективті сипаты аман қалу үшін ғана өмір сүреді, өзінің әмбебап қызметін қалыптастыруға, дамытуға және жетілдіруге тек бір ғана — еңбектің арқасында ғана жетеді.

Бүгінде басты мақсат еңбек қызметінде табыс табуға бағытталған, қызмет негізінде қоғамда «адами капитал» ұғымында экономикалық онтологияның мағынасы анықталады, яғни ол классикалық формадағы капитализмдік сипатта.

Бұл ұғым біріншіден қоғамда әлеуметтік ұйымдастыратын субъект — объективті парадигмалардың араласуымен байланысты, бірақта бұл «үстемдік-бағыныштылық» қарым-қатынасынан бастарту. Бұл объективті талап, мейлі бүгінгі болмаса да, болашаққа арналған. Қоғамда бұл тезірек қалыптасса және тәжірибеде жүргізілсе, онда адамның тарих бағытына әсері де болады, сол арқылы ол нақты прогреске кепілдік болады.

Сонымен қатар әлеуметтік ұйымдастыруда субъект-объективті парадигмаларға негізделген адами капиталдың дәстүрлі ұғымынан бастарту керек. Бұл қарым-қатынаста адам құрал болып табылып отыр, нақтырақ айтсақ капиталын ұлғайту құралы, батыстық адами капитал теорияларда көрініс тапқандай адам жұмыскерге дейін реттеледі, бұл оның адами капиталдық шеңберін интеллектуалдық деңгейге дейін шектейді, оның басқа да құрамын жоққа шығара отырып.

Жаңа әлеуметтік өзіндік ұйымдастыруда субъект-субъективті парадигмаға өту қажет. Ол жерде басты мақсат адам өзі және оның рухани әлемі болып табылады. Капиталдың өзі — өзіндік жетілетін құндылық емес, ол адамның шынайы байлығы. Осы арқылы нарықтық экономикадан инновациялыққа өту, жұмыс уақытынан бос уақытқа өту, өзіндік жетілетін капиталдан адамның шынайы байлығына өту керек.

ⁱ Н. Ә. Назарбаев. Қазақстандық жол: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы 17 қаңтар 2014 жыл // www.akorda.kz

ⁱⁱ Н. Ә. Назарбаев. Қазақстан әлемдік дағдарыста: болашаққа интеллектуальдық серпін // Казахстанская правда. 2009. 14 қазан.

ⁱⁱⁱ Н. Ә. Назарбаев. Нұрлы жол — Путь в будущее. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы 11 қараша 2014 жыл // www.akorda.kz

^{iv} Батулин В. С. Әлеуметтік қызмет: табиғат, мән, ұйымдастыру стратегиясы. — Қарағанды, 2002.